# Балаларға арналған Киелі кітап
## ұсынады



# Иса үшін қорқынышты уақыт

Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Maillot, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйым салынған, көшірме жасауға немесе басып шығаруға рұқсат етілген.



Иса шомылу рәсімінен өткен кезде, Құдай сөйледі. «Бұл – Менің сүйікті Ұлым. Мен Оған өте ризамын», – деді Ол. Құдайдың КИЕЛІ РУХЫ Исаға көгершін бейнесінде түсті.




Осыдан көп уақыт
өтпей, Құдайдың
Киелі Рухы Исаны
айдалаға алып
барды. Иса жалғыз
Өзі болды.
3


Иса қырық күн ораза тұтты.
Мұның мағынасы, Ол ешқандай
нәр татпады деген сөз. Оның
қарны әбден ашты.
4


Киелі кітап ол жерде жабайы
аңдар да болғанын айтады.
5


Исаны азғыру үшін шайтан
келді. Ерте заманда ол Адам мен
Хауа Құдайға бағынбас үшін
оларды Едем бағында азғырған
болатын. Енді Иса азғырудан
өту керек болды.
6


Шайтан тіпті
Исаны, Құдайдың
Ұлын, азғыруға
әрекеттеніп көрді.
7


«Егер Сен Құдайдың Ұлы болсаң,
–деді әзәзіл, –мына тасты нанға
айналдыршы». Ол Исаның аш
екенін білді. Ол, сондай-ақ,
Құдайдың Ұлы тасты нанға
айналдыра алатынын да білді.
Иса әзәзілге бағынар ма екен?
8


Жоқ! Иса әзәзілге бағынбады. Оның орнына Ол Құдай Сөзімен жауап берді. «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әр сөзімен өмір сүреді».
КИЕЛІ КІТАП
9
Содан кейін шайтан Исаны адамдар Құдайға табынып жатқан киелі үйге, ұлы қала Иерусалимге алып келді. Әзәзіл ары қарай не істер екен?
10
«Егер Сен Құдайдың Ұлы болсаң, Өзіңді жерге тасташы, –деді әзәзіл –Құдайдың Сөзінде Оның періштелері Сені құтқарып алады деп жазылған ғой».
11
«Жоқ! –деп жауап берді Иса. –Мына сөз де жазылған... «Өзіңнің Құдай Иеңді еркінсіп сынама».
КИЕЛІ КІТАП
12
Әзәзіл тағы да талаптанып көрді. Ол Исаны қаладан өте биік тау басына алып барды.
13
Исаға жердегі әрбір патшалықтың барлық сән-салтанатын көрсетіп әзәзіл былай деді: «Егер Сен менің алдымда иіліп, маған ғибадат етсең, осының бәрін мен Саған берем».
14

**«Кет қасымнан, шайтан! –деп бұйырды Иса. – Мына сөз де жазылған... «Құдай Иеңе ғана табынып тағзым ет және жалғыз Оған қызмет ет!»**




15

**Әзәзіл Исаны уақытша тастап кетті. Содан кейін бір ғажайып нәрсе болды. Құдай әзәзілге бағынбаған Өзінің Ұлы Исаны жұбатып, Оған қамқорлық көрсету үшін Өзінің періштелерін жіберді.**



16

**Иса үшін қорқынышты уақыт**

**Құдайдың Сөзі –**

**Киелі кітаптан алынған әңгіме**

**Матай 4, Лұқа 4**

**"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."**
**Забур 119:130**

17



# Соңы

38 60

18

**Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.**

**Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.**

**Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің күнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.**

**Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16**

**Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.**

19